

Жеке тұрғын үй құрылысын жүргізу үшін Қаратөбе ауыл округіне жер телімін беру және елді мекеннің шегін өзгерту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам аудандық мәслихат сессиясының 2008 жылғы 28 наурыздағы N 6-76/IV шешімі және Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 28 наурыздағы N 3 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданының Әділет басқармасында 2008 жылғы 28 сәуірде N 14-10-93 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам аудандық мәслихатының 2014 жылғы 15 мамырдағы № 31-199/V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам аудандық мәслихатының 15.05.2014 № 31-199/V шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 108-бабының 5-тармағына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШТІ**, аудан әкімдігі
Қ А У Л Ы **Е Т Т І :**

1. Қаратөбе ауыл округі аумағындағы арнаулы жер қорынан жеке тұрғын үй құрылысын жүргізу үшін жалпы көлемі 39,0 гектар жер телімі алынып, Бадам-1, Базар-қақпа және Тұрдыабад ауылдарының шегіне енгізілсін.

2. Жалпы көлемі 39,0 гектар оның ішінде: Бадам-1 ауылына 10,0 гектар жайылымдық, Базар-қақпа ауылына 23,5 гектар, Тұрдыабад ауылына 3,5 гектар және 2,0 гектар жайылымдық жер телімдері қосылып, аталған ауылдардың шегі өзгертілсін.

3. Осы бірлескен шешім және қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Н. Ирсалиев

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Т. Тулендиев

Аудан әкімі

М. Әлі